

**Алтай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 26 шілдедегі № 19 /2-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 тамызда № 28995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алтай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алтай ауданының мәслихат хатшысы*

*Л. Гречушникова*

Алтай ауданының  
мәслихатының  
2022 жылғы 26 шілдедегі  
№ 19/2-VII шешіміне  
қосымша

**Алтай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Қызметтер бағасы, теңге
Жайлы үйлер	айына/ тұрғын	586
Жайлы емес үйлер	айына/ тұрғын	713
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м3	3809

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК